

## БӨЛІМ: ЭССЕ

## Соғыс өрті

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.05.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/74712/>

## Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы

## Қайыңды негізгі орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі Ф.К.Жанабаева

## Соғыс өрті

## Эссе

Олар өлді, тек аспан сау болсын деп.

Олар өлді, туған жер бар болсын деп,

Олар өлді, ақ арман сөнбесін деп,

Олар өлді, өзгелер өлмесін деп

1941 жылдың 22 маусымында дүние маужырап, таң қылаң берген кезде Германия Кеңес Одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Мөлдір аспанды бұлт қаптады. Шаттық әлі қайғылы үнге, шуақты күн қара түнекке айналды. Бұл халық үшін ауыр кезең болды. Содан 5 жылға созылған алып соғыс басталды. Екінші дүниежүзілік соғыс-адамзат тарихындағы ұлы оқиға. Оның қасіреті мен қасиеті жаныңды түршіктіреді, әрі ерліктерге басыңды идіріп, таңқалдырады. Соғыс адам жаратылысының ғаламат құпияларының шексіздігін көрсетті. Ел басына күн туған кезеңдерде рух пен намыстың мықтылығы сыналды. Қанға боялған даласы, аңыраған анасы, жетім қалған баласы үшін кектенді. Қарсы келген адамға қасқайып қарсы тұрды.

Әрине, әдемі етіп суреттеуге болар. Бірақ ет пен сүйектен жаралған пенденің күйі бөлек емес пе? Оған өз мүмкіндігінен тыс ерлік көрсет деп талап қоюдың жөні жоқ. Сен батыр атануға тиіссің дейтін бұйрықты еш қолбасшы бере алмас, орындата да алмайды. Соғыс-басқа төнген зауал.

Осы жылдары республикамыздан 1 миллион 196 мың 164 адам қару асынып майданға аттанды. Республикадан еңбек майданына 700 мың адам жіберілді. Қазақстаннан соғыс жылдары әскери комиссариаттаушы арқылы 1 миллионнан 200 мыңдай адам сапқа тұрды. Отанымызды қорғау үшін, еліміздің көптеген ер-азаматтары майданға аттанды. Барлық жұмыс соғыс талабына сай ұйымдастырылды. Еңкейген кәрі, өрімдей жас, еңбектеген балаға дейін майдан үшін еңбек етті. «Бәрі де майдан үшін» деген ұран әркімнің көкейінде тұрды. Бұны да елге ұран, ұрпаққа үлгі емес деп кім айтар? Халқымыздың 20 мен 30-дың арасындағы қылшылдаған жастарының өмірін, үміті мен болашағын баудай қиып түсірген, осы қан-қасап қырғында тек қазақ ұлтының өзінен 1 миллион 250 мың адам опат болған бұл соғыстағы:

Барамын тартып батысқа,

Жортуыл, қырғын, түн қату,

Өлтіру, өлу атысқа!

Жігіттің жігіт болғаны,

Жаудан елін сақтаса,

Жау шапқанда еліне.

Қояндай бұғып қашпаса

Ажал сан жауға кіремін,

Ұлы Отаным, сен үшін!

Туысқан ұлы ел үшін

Мына бір қалған бел үшін!

Менің жаным Отандық,

Отан деп өлем өлсем де,

О, сүйікті Отаным,

«Балам» деп көм, көмсең де!

Ант еттім де, қорғадым мен,

Жасқанбай-ақ жауымнан.

Сақтап қалам елімді мен

Өртті жойқын дауылдан! — деген Нарсұтбай сынды қазақ жігітінің ерлігі, Волокаламск жолымен Мәскеуге беттеген жаудың 50 танкісіне арттан келіп күш жеткенше, тастар көкке атылып, тау құлап, орман шулап тұрса да жау жеңе алмаған.

Мәскеуге жібермей тұрған 28 гвардияшы панфиловшылардың ерлігі; 205 рет соғысқа кіріп, 5 рет бүкіл батальонды жау қоршауынан аман алып шыққан Халық Қаһарманы Б.Момышұлының ерлігі;

Оқ борады күні-түні,

Жатты жерді от қарып,

Алға қарай ұмтылды

Батыр қазақ Тоқтаров

Туын жықпай қолдағы,

Өжет болды ел үшін.

Кеудесімен қорғады.

Ар-намысынын елімнің, — деген Төлеген Тоқтаров ерлігі;

Біз өрімдей жаңа ашылған гүл едік,

Жерге бақыт, елге бақыт тіледік.

Отан-ана отқа күйіп жатқанда,

Біздер ме едік үй бағатын тірі өлік, — деп жырлаған, Әлия ерлігі;

Отан-ана жылағанда желеніп,

Тапжылмастан шөгеді екен жерге бұлт.

Қара бұлтты қақ жарамыз дедік те,

Қолымызға қару алдық ерленіп,-деген Мәншүк Мәметова ерлігі; Украина жерінде «Вася ағай» аталған жерлесіміз Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов ерлігі;Рейхстаг төбесіне ту тіккен сержанттар Егоров пен Канжария қатарындағы жас қазақ Рақымжан Қошқарбаев ерлігі; 16 ай бойы тәулігіне 150 грамм нанды азық еткен Ленинградтықтар ерлігі; айта берсем , таусылмайтын, дәлірек айтсам, осы соғыс жылдары ерлігі үшін орден және медальдармен марапатталғандардың ішінде 96 мың 938 қазақ жауынгерінің оның ішінде Кеңес Одағының Батыры атанған 97 қазақтың ерлігі – елге ұран, ұрпаққа үлгі емес пе!

Ер есімі ел есінде. Кір жуып, кіндік кескен жері үшін, аялап әлпештеп өсірген елі үшін жанған отқа түсіп, жалын кешкен ер-азаматтар естен шықпайды.Олар тарихта із қалдырды. Содан бері 75 жыл өтті. Сол күндер қайтып келмесін. Қатер төнбесін.

Елбасымыз болса аман соғыс өрті жанбайтын,

Сәбилер жетім қалмайтын есігінде әр үйдің

Заманым менің жалғасар мәңгілік бақыт орнайтын !

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.